

Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасының
«Қостанай қаласы білім бөлімінің Ахмет Бірімжанов атындағы жалпы
білім беретін мектебі» КММ

Келісілді
ҚББ басшысы
Уразбаева Г.А.

« _____ » _____ 2024 жыл

Бекітемін
Мектеп директоры
Шайхыбеков К.П.

№ 2 педагогикалық кеңесте бекітілді

« 13 » 09 2024 жыл

**2024-2025 оқу жылына арналған
оқыту қазақ тілінде жүргізілетін
үйде оқитын білім алушыларға
арналған негізгі орта білім
берудің жұмыс оқу жоспары**



АХМЕТ BIRIMZHANOV
jalpy bilim беретin mektebi

Қостанай қаласы
2024 – 2025 оқу жылы

2024-2025 оқу жылына арналған оқыту қазақ тілінде үйде жеке тегін оқыту (арнайы оқу бағдарламалар бойынша) негізгі орта білім берудің жұмыс оқу жоспарына түсініктеме хат

«Қостанай қаласы білім бөлімінің Ахмет Бірімжанов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі – толық жинақталған.

2024-2025 оқу жылында білім беру ұйымдары білім беру процесін іске асыру кезінде Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын, Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын, «Педагог мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы», «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын және нормативтік құжаттарды басшылыққа аламыз:

- «Білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2008.03.18 ж. № 125 бұйрығы; ҚР Оқу-ағарту министрінің 2023.04.13 ж. № 96 бұйрығына өзгеріс енгізілумен)

- «Орта білім беру ұйымдарына, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендерге арналған оқулықтардың, оның ішінде электрондық нысандағы оқулықтардың тізбесін бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2020.05.22 ж. № 216 бұйрығына Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің міндетін атқарушының 2023 жылғы 22 мамырдағы № 140 бұйрығымен жаңа редакцияда ҚР Оқу-ағарту министрінің 03.07.2023 ж. № 194 бұйрығына өзгеріс енгізілумен);

Үйде жеке тегін оқыту үшін жұмыс оқу жоспарын құруда келесі нормативтік-құқықтық құжаттар басшылыққа алынды:

1. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, 23.09.2022 ж. № 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен);

2. Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 8.11.2012 ж. № 500 (ҚР Оқу-ағарту министрінің 26.10.2023 № 323) бұйрығының **55-қосымшасы**.

3. «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.09.2022 ж. № 399 бұйрығы 21.11.2022 ж. № 467, 05.07.2023 ж. № 199 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен) бұйрығы.

2024 жылғы 11 желтоқсандағы № 671 дәрігерлік-консультациялық комиссиясының қорытындысы сәйкес бастауыш білім бағдарламасы бойынша 9 «А» сыныбының оқушысы Казыбаева Жанель Бағытбековна оқыту қазақ тілінде жүргізілетін үйде оқитын білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру бағдарламасы бойынша үйде оқыту ұйымдастырылды.

Оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі білім алушының ерекше білім алу талаптарына сәйкес келеді.

Қазақ тілінде оқытатын үйде оқытуға арналған негізгі орта білім берудің жұмыс оқу жоспарының құрылымы инвариативтік компоненттен тұрады төрт білім беру саласынан тұрады: «Тіл және әдебиет», «Математика және информатика», «Жаратылыстану», «Адам және қоғам».

Үйде оқыту үшін бөлінген жүктеме саны аптасына – 19 сағат, жылына 646 сағат.

Жұмыс оқу жоспары мектептің 2024 жылғы 13 қыркүйектегі № 2 педагогикалық кеңесте қаралып, шешімі бойынша бекітілді.

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2012 жылғы 8 қарашадағы
№ 500 бұйрығына
55-қосымша

Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін үйде оқитын білім алушыларға арналған негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспары

№	Оқу пәндері	Сыныптар бойынша апталық сағаттар саны	Жалпы жүктеме	
		9 «А»	апталық	жылдық
Инварианттық компонент				
	Тіл және әдебиет	8	8	272
1	Қазақ тілі	2	2	68
2	Қазақ әдебиеті	2	2	68
3	Орыс тілі және әдебиеті	2	2	68
4	Шетел тілі	2	2	68
	Математика және информатика	4	4	136
5	Математика	-	-	-
6	Алгебра	2	2	68
7	Геометрия	1	1	34
8	Информатика	1	1	34
	Жаратылыстану	4	4	136
9	Жаратылыстану	-	-	-
10	Физика	1	1	34
11	Химия	1	1	34
12	Биология	1	1	34
13	География	1	1	34
	Адам және қоғам	3	3	102
14	Қазақстан тарихы	1	1	34
15	Дүниежүзі тарихы	1	1	34
16	Құқық негіздері	1	1	34
Инварианттық оқу жүктемесі		19	19	646
Ең жоғарғы оқу жүктемесі		19	19	646